

Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2015 жылғы 8 мамырдағы № 13 шешімін іске асыру туралы

Жоғары Еуразиялық экономикалық Кеңестің 2020 жылғы 19 мамырдағы № 6 Өкімі

Еуразиялық экономикалық комиссияның Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2015 жылғы 8 мамырдағы № 13 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер бірінің аумағында тіркелген тасымалдаушылардың Еуразиялық экономикалық одаққа мүше басқа мемлекеттің аумағында орналасқан пункттер арасында автомобильмен жүк тасымалдарын орындауын кезең-кезеңмен ырықтандырудың 2016 жылдан бастап 2025 жылға дейінгі аралықтағы кезеңге арналған бағдарламасының (бұдан әрі – Бағдарлама) II кезеңін іске асыру барысы туралы ақпаратының негізінде:

1. Еуразиялық экономикалық комиссия Бағдарламада көзделген іс-шараларды Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің іске асыруы мониторингін жалғастырсын.

2. Армения Республикасының Үкіметі, Беларусь Республикасының Үкіметі, Қырғыз Республикасының Үкіметі және Ресей Федерациясының Үкіметі Бағдарламаның III кезеңінде көзделген іс-шараларды белгіленген мерзімде іске асыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы Өкім Еуразиялық экономикалық одақтың ресми сайтында жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңес мүшелері:

Армения Республикасынан	Беларусь Республикасынан	Қазақстан Республикасынан	Қырғыз Республикасынан	Ресей Федерациясынан
----------------------------	-----------------------------	------------------------------	---------------------------	-------------------------